

ЗАҢНАМАНЫ ЖӘНЕ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ БҰЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ САЯСАТЫ

КІРІСПЕ

KAZ Minerals Тобы Топ құрамындағы барлық компанияларда ашықтық мәдениетін дамытып, адалдық пен жауапкершіліктің ең қатаң стандарттарын енгізуде. Проблемалы мәселелер туралы шұғыл түрде хабарлау және оларды шешу жағымсыз ықпал ету деңгейін төмендетіп, алдағы уақытта заңнама мен этикалық нормаларды бұзудың алдын алуға мүмкіндік береді.

KAZ Minerals заңнаманы немесе Топтың саясаттарын бұзатын болжалды немесе белгілі іс-әрекеттер жайында, кез келген қаржылық айла-амалдар немесе адамға қауіп төндіруі немесе қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін оқиғалар жайында тез арада хабарлауды белсенді түрде құптайды. KAZ Minerals Тобы әр хабарлама бойынша егжей-тегжейлі тексеру жүргізіліп, қажет болған жағдайда, тиісті шаралар қолданылатынына кепілдік береді.

KAZ Minerals Тобы адал ниетпен кеңес алу үшін жүгінетін, өзінің алаңдаушылығын білдіретін немесе осы Саясатқа сәйкес заңнама мен этикалық нормалардың бұзылуы туралы хабарлайтын тұлғалардың қандай да бір қудалаушылыққа немесе жазалауға ұшырауына жол бермейді.

МАҚСАТЫ

Осы Саясатта қызметкерлер мен үшінші тұлғалар қандай мәселелер бойынша өзінің алаңдаушылығын қалай білдіре алатыны жайында және қандай шаралар қолданылатыны туралы түсініктемелер беріледі.

ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Осы Саясат Топтың барлық лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне (тұрақты, уақытша, келісімшарт бойынша жұмыс істейтін қызметкерлерге), іссапарға жіберілген және агенттіктер ұсынған қызметкерлерге (бұдан әрі олардың әрқайсысы «Қызметкер» деп аталады), жеткізушілерге, кеңесшілерге, агенттерге, дистрибьюторларға және Топ компаниясының атынан әрекет ететін өзге тұлғаларға, сонымен қатар Топтың компаниялары ынтымақтастық орнатқан кез келген өзге тұлғаларға (бұдан әрі олардың әрқайсысы «Үшінші тұлға» деп аталады) қатысты қолданылады. Тиісті жағдайларда осы Саясатта Қызметкерлер мен Үшінші тұлғалар бірігіп «Өтініш беруші» немесе «Өтініш берушілер» деп аталады.

Өтініш берушілер KAZ Minerals Тобының, оның қызметкерлерінің, немесе KAZ Minerals атынан әрекет ететін кез келген тұлғалардың іс-әрекеттеріне қатысты өзінің алаңдаушылығы жайында хабарлауы тиіс. Басшыларға KAZ Minerals Тобында осындай Саясаттың бар екендігі туралы серіктестерге белсенді түрде хабарлау ұсынылады.

САЯСАТ

KAZ Minerals Тобы Өтініш берушілерге оқиғаларға немесе жұмыс орнындағы лайықты емес тәртіпке қатысты өз алаңдаушылығын мейлінше ертерек хабарлауға кеңес береді. KAZ Minerals Тобы Өтініш беруші оның ерекше алаңдаушылығын тудыратын жағдайға байланысты бүкіл ақпаратты білмеуі мүмкін екенін мойындайды, бірақ бұл өз алаңдаушылығын білдіруді кейінге қалдыруға себеп болмауы тиіс.

Төменде хабарлауды қажет ететін лайықсыз тәртіптің толық емес тізімі берілген:

- адам өміріне не денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін әрекеттер мен әрекетсіздік жағдайлары;
- қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық;
- өзінің бөлімшесі немесе жеке басы үшін заңсыз қаржылық пайда алу мақсатында KAZ Minerals Тобын, оның қызметкерлерін немесе іскер серіктестерін жаңылдыру;
- қаржылық есептемеге тікелей немесе жанама ықпал ететін ақпаратты әдейі бұрмалау;
- нәтижесінде KAZ Minerals Тобына залал келтірген немесе келтіруі мүмкін лауазымдық және өзге міндеттерді елеулі түрде бұзу;
- KAZ Minerals Тобының, оның қызметкерлерінің қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін іс-әрекеттері мен әрекетсіздік жағдайлары;
- ішкі қаржылық есеп және бақылау ережелерін өрескел бұзу;
- бопсалау, жемқорлық, салық төлеуден жалтару немесе паракорлық;
- кәсіби немесе этикалық нормаларды өрескел бұзу;
- жоғарыда айтылғандарға қатысты мәліметтерді әдейі жасыру.

KAZ Minerals Тобы адал ниетпен кеңес алуға ниет білдіретін, проблемалар туралы немесе іскерлік этиканы не заңнаманы бұзу фактілері жайында хабарлайтын Қызметкерлердің қандай да бір қудалаушылыққа немесе кемсітушілікке ұшырауына жол бермейді. KAZ Minerals Тобы проблемалар мен бұзушылықтар туралы хабарлайтын Қызметкерлердің қорқытудан, ізіне түсуден және кемсітушіліктен қорғалуын қамтамасыз етеді. Мұндай әрекеттер туралы білетін немесе күдіктенетін Қызметкерлер бұл жайында тікелей Қазақстандағы, Ресейдегі не Қырғызстандағы өз бөлімшесінің Комплаенс-офицер, немесе Бас комплаенс-офицер немесе Ұлыбританиядағы Корпоративтік хатшыға, немесе Speak Up қызметі арқылы хабарлауы тиіс. Ішкі тергеу амалдарын жүргізуге қатысатын немесе көмек көрсететін Қызметкерлердің де қорғалуы қамтамасыз етіледі.

Бұзушылықтар туралы хабарлау

Іскерлік этика нормаларын, қолданыстағы заңнаманы немесе KAZ Minerals Тобының жергілікті актілерін бұзу туралы негізделген күдіктері бар Қызметкерлер, ең бірінші кезекте, осы жағдай құзыретінде болып табылатын және ол бойынша ең қысқа мерзімде тиісті шаралар қабылдай алатын тікелей басшысына жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Егер Қызметкер тікелей басшыға хабарлауды лайықсыз көрсе, онда бұл мәселе қызметкердің департамент басшысының немесе өз бөлімшесінің Комплаенс-офицер, немесе

Қазақстандағы, Ресейдегі не Қырғызстандағы Бас комплаенс-офицер немесе Ұлыбританиядағы Корпоративтік хатшының қарауына берілуі керек. Егер Қызметкер жоғарыда көрсетілген ішкі механизмдерді пайдалануға қауіптенсе, ол проблемалы мәселелер жөнінде KAZ Minerals Тобының Speak Up қызметі арқылы хабарлай алады.

Этикалық нормаларды, қолданыстағы заңнаманы бұзу туралы нақты фактілері немесе негізделген күдіктері (болжамдары) бар үшінші тұлға, ең алдымен, KAZ Minerals Тобындағы өзінің байланыс тұлғасына жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Үшінші тұлғаның KAZ Minerals Тобының Speak Up тәуелсіз қызметін пайдалана отырып, проблемалы мәселелер жайында анонимді түрде хабарлау мүмкіндігі бар.

Speak Up телефон желісі мен интернет-ресурсына іскерлік этика мен заңнаманың сақталуын бақылау бойынша қызметтер нарығында көшбасшы болып табылатын тәуелсіз компания Safecall Limited компаниясы қызмет көрсетеді. Бұл қызмет демалыссыз тәулік бойы жұмыс істейді, сондай-ақ мұнда телефон және интернет арқылы келіп түскен хабарламаларға көп тілде жауап беру қызметі жұмыс істейді.

Егер Өтініш беруші бұзушылықтар жайында Speak Up телефон желісі арқылы хабарлағысы келсе, онда ол Ұлыбританияда 0800 915 1571, Қазақстанда 8800 3333 499, Қырғызстанда 0 800 8000 800 немесе Ресейде 810-800-7233-2255 телефондарына хабарласуы қажет, немесе оның www.safecall.co.uk/report интернет-ресурсын пайдалануына немесе хабарламаны kazminerals@safecall.co.uk электрондық поштасына жіберуіне болады. Телефон арқылы қоңырау шалу тегін болып табылады.

Осы Саясатқа сәйкес көтерілген барлық проблемалы мәселелер Қазақстандағы не Қырғызстандағы Бас комплаенс-офицер, сондай-ақ Корпоративтік хатшының қарауына берілетін болады, олар өз кезегінде бұл жөнінде белгіленген тәртіпте KAZ Minerals PLC Басқарма төрағасына, KAZ Minerals PLC Директорлар кеңесінің төрағасына не KAZ Minerals PLC Аудиторлық комитетінің немесе KAZ Minerals PLC өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау комитетінің төрағасына хабарлайды.

KAZ Minerals алдағы уақытта жүргізілетін тергеу амалдарына көмек көрсету және Өтініш берушілерді қол жеткізген нәтижелер туралы хабардар ету үшін, Өтініш берушілерді Speak Up қызметіне хабарласу кезінде өз аты-жөнін, байланыс мәліметтерін мәлімдеуге шақырады. Дегенмен, Өтініш берушілердің парақорлық пен сыбайлас жемқорлық фактілері туралы анонимді түрде хабарлауына болады.

KAZ Minerals Тобының іс-әрекеттері

KAZ Minerals Тобының басты мақсаты – этикалық нормаларды, қолданыстағы заңнаманы және Топтың жергілікті актілерін бұзудың алдын алу. Егер бұзушылық орын алса, KAZ Minerals оның қайталануын болдырмауға талпынады.

Келіп түскен мәліметтерді алдын ала қарау (тексеру) фактісі бойынша, егер проблема не бұзушылық жайындағы хабарлама негізделген болып танылса, KAZ Minerals Тобы келесі іс-әрекеттерді іске асыруы мүмкін (тізім толық емес):

- тергеу амалдарының нәтижелері мен ұсынылатын шараларды қоса алғанда, өтініш материалдарын жергілікті басшылыққа беру;

- тергеу амалдарының нәтижелері мен ұсынылатын шараларды қоса алғанда, өтініш материалдарын Топтың Қызметкерлерді басқару қызметі бөлімшесіне немесе Топтың Қызметкерлерді басқару жөніндегі директорына беру;
- ресми ішкі тергеу амалдарын жүргізу мақсатында өтініш материалдарын Атқарушы комитетке беру;
- техникалық сарапшыға жүгіну;
- өтініш материалдарын KAZ Minerals PLC Директорлар кеңесіне және/немесе Аудиторлық комитетіне немесе KAZ Minerals PLC Еңбекті қорғау және қауіпсіздік комитеті беру; немесе
- әрі қарай тергеу амалдарын жүргізу үшін материалдарды құзырлы мемлекеттік органға беру.

Өтініш анонимді түрде, не өзге ерекше жағдайларда келіп түскен жағдайларды қоспағанда, Өтініш беруші қолданылған шаралар туралы тікелей немесе Safecall арқылы хабардар етілетін болады.

Егер Өтініш беруші ол көтерген күрделі мәселенің «тоқтатылуына» талпыныс жасалуда немесе қабылданған шаралар қанағаттанарлықсыз деп есептесе, ол 6th Floor, 100 Victoria Street London SW1E 5JL, United Kingdom мекенжайы бойынша KAZ Minerals PLC Директорлар кеңесінің Аудиторлық комитетінің төрағасына жазбаша түрде, немесе Safecall Limited телефондары бойынша: Ұлыбританияда – 0800 915 1571, Қазақстан Республикасында – 8800 3333 499, Қырғыз Республикасында - 0 800 8000 800 немесе Ресейде 810-800-7233-2255 нөмірлеріне хабарласа алады, және аталмыш жағдайлар міндетті түрде қаралатын болады.

Құпиялылық

Өтініш беруші проблемалы мәселе жайында адал ниетпен хабарлаған жағдайда, құқықтық кеңес алу немесе қандай да бір нормативтік талаптарды орындау үшін қажет болатын жағдайларды қоспағанда, KAZ Minerals Тобы өтініш берушінің аты-жөнін жария етпейді. Оған қоса, Өтініш берушінің аты-жөнін жария ету тергеу амалдары үшін қажет болса, KAZ Minerals Тобы оны Өтініш берушінің келісімін алып, тиісті заң талаптарын сақтау жағдайында ғана жүзеге асыра алады.

Өтініш берушінің жеке басына қатысты кез келген деректер мүмкіндігінше құпия болып қалады.

Тәртіптік жазалар және өзге әрекет ету шаралары

Егер этикалық нормаларды, қолданыстағы заңнаманы немесе Топтың жергілікті актілерін бұзу туралы хабарлама расталса, қолданыстағы заңнамаға және (немесе) KAZ Minerals Тобының ішкі саясаттары мен актілеріне сәйкес, кінәлі тұлғаларға қатысты тиісті тәртіптік жазалар немесе өзге шаралар қолданылатын болады.

Проблемалы мәселелер жайында адал ниетпен хабарлаған Қызметкерлердің қандай да бір түрде ізіне түскен тұлғаларға қатысты қолданыстағы заңнамаға және (немесе) KAZ Minerals Тобының ішкі саясаттары мен актілеріне сәйкес тиісті тәртіп жазалар немесе өзге шаралар қолданылатын болады.

Егер Өтініш беруші болжалды бұзушылық туралы адал ниетпен хабарлап, бірақ оның өтініші алдағы тергеу амалдары барысында расталмаса, мұндай Өтініш берушіге қатысты ешқандай шаралар қолданылмайды. Алайда, бұзушылық туралы ешқандай негіздемесіз немесе теріс пиғылмен хабарлаған Өтініш берушілерге қатысты қолданыстағы заңнамаға және (немесе) KAZ| Minerals Тобының ішкі саясаттары мен актілеріне сәйкес тиісті тәртіптік жазалар немесе өзге шаралар қолданылатын болады.

Жаңартылды және 2019 жылғы 27 маусым айында Директорлар кеңесімен бекітілді.

(2018 жылғы қарашаның алдыңғы нұсқасын жаңарту).